

"Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге санатын белгілеу және салынатын жер салығының базалық ставкасын ұлғайту туралы" Шымкент қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 қазандағы № 12/85-5с шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 46/329-5с шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 29 сәуірде № 3167 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2018 жылғы 29 мамырдағы № 28/240-6с шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 29.05.2018 № 28/240-6с (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 28 қарашадағы Заңының 1 бабының 3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Шымкент қалалық мәслихатының 2012 жылғы 16 қазандағы № 12/85-5с "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге санатын белгілеу және салынатын жер салығының базалық ставкасын ұлғайту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2132 тіркелген, 2012 жылғы 23 қарашада "Шымкент келбеті" газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

шешімнің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге санатын белгілеу және салынатын жер салығының базалық мөлшерлемесін ұлғайту туралы";

шешімнің 2 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық мөлшерлемесі , автотұрақтардың (паркингтер) санатына қарай, 2 қосымшаға сәйкес ұлғайтылсын.";

Көрсетілген шешімнің 2 қосымшасында "ставкаларының", "ставкалары", "ставкалардың" деген сөздер тиісінше "мөлшерлемелерінің", "мөлшерлемелері", "мөлшерлемелердің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы,
қалалық мәслихат
хатшысы*

Н.Бекназаров

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК